

ЦИФРЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ЖАСТАРДЫҢ САЯСИ ӘЛЕУМЕТТЕНУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

¹Т.К. Ауелғазина, ¹Т.Ф. Даулбаев, ¹Ә.А. Қуанышева, ²Қ.Қ. Сүлейменова

АНДАТПА

Мақала жастардың саяси әлеуметтену факторы ретіндегі цифрлық құзыреттілік мәселесін зерттеуге арналған. Авторлар мақалада жастардың саяси әлеуметтену процесінің өзгеріске ұшырауына цифрлы технологиялардың артып келе жатқан тікелей ықпалына ғылыми негізде талдау жасайды. Авторлардың пікірі бойынша цифрлы технологиялар бүгінгі күні жастардың саяси көзқарастары мен ұстанымдарын қалыптастыруда, цифрлық құзыреттілігін дамытуда және олардың саяси әлеуметтену процесінде маңызды құралға айналып отыр. Осы орайда жастардың саяси әлеуметтену процесі соңғы жылдары елеулі өзгерістерге ұшырады. Жаңа технологиялардың пайда болуы жастардың саяси белсенділігі мен өзара іс-қимыл формаларының өзгеруіне себеп болды. Бұл жайт саяси әлеуметтенудің алғашқы кезеңдерінің отбасылық ортадан қоғамдық-желілік ортаға біртіндеп ауысуына әкелді. Өзгерістер саяси әлеуметтенумен тығыз байланысты азаматтық мәдениеттің қалыптасу процесіне де әсерін тигізді. Желілік ортаға терең бойлаған жастардың саяси дүниетанымының ерекшеліктеріне бұл процестердің қалай әсер еткені – қазақстандық қоғамның болашақ бейнесіне тікелей ықпал ететін фактор. Цифрлық ортада жұмыс істеу дағдылары бар кадрларға сұраныс ықтимал тәуекелдерді азайту және оларды оң формада бағыттау шараларын қабылдау қажеттілігінен туындайды.

Аталған гипотезаны дәлелдеу мақсатында виртуалды кеңістіктің жастардың саяси әлеуметтену процесін жүзеге асыруға ықпалы нақты статистикалық көрсеткіштерге жүгіне отырып зерттелді. Заманауи цифрлы технологиялардың жастар үшін пайдасымен қатар, олардың саяси әлеуметтену процесіне кері әсер ететін түрлі теріс салдарына «алгоритмдік бейімділік» тәуекелдері және АИ-нің сайлау мінез-құлқына әсеріне болжам жасалынады. Бұл жайт қазіргі уақытта және болашақта зерттелінген мәселеге басқаша қырынан қарауға мүмкіндік береді, сондай-ақ, оның мазмұнын арттыра түседі.

Түйін сөздер: әлеуметтену, виртуалды кеңістік, жастар, жаһандану, желілік белсенділік, саяси әлеуметтену, техногенді өркениет, цифрлық қоғам, цифрлық құзыреттілік.

Цифровая компетентность как фактор политической социализации молодежи

Аннотация. Статья посвящена изучению проблемы цифровой компетентности молодежи как фактора политической социализации. Авторы в статье на научной основе анализируют растущее прямое влияние цифровых технологий на трансформацию процесса политической социализации молодежи. По мнению авторов, цифровые технологии сегодня становятся важным инструментом в формировании политических взглядов и позиций молодежи, развитии цифровой компетентности и процессе их политической социализации. При этом процесс политической социализации молодежи за последние годы претерпел существенные изменения. Появление новых технологий привело к изменению политической активности и форм взаимодействия молодежи. Это привело к постепенному переходу первых этапов политической социализации из семейной среды в общественно-сетевую. Изменения коснулись и процессов формирования гражданской культуры, тесно связанных с политической социализацией. Как эти процессы повлияли на особенности политического мировоззрения молодежи, глубоко укоренившейся в сетевой среде – фактор, напрямую влияющий на образ будущего казахстанского общества. Спрос на кадры, обладающие навыками работы в цифровой среде, обусловлен необходимостью принятия мер по минимизации возможных рисков и направленности их в позитивной форме.

В целях доказательства данной гипотезы изучено влияние виртуального пространства на осуществление процесса политической социализации молодежи с обращением к конкретным статистическим

¹ «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КеАҚ, Алматы, Қазақстан

² Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясы, Алматы, Қазақстан

Автор-корреспондент:

Т.К.Ауелғазина,
t.auelgazina@abaiuniversity.edu.kz

Сілтеме:

Ауелғазина Т.К., Даулбаев Т.Ф., Қуанышева Ә.А., Сүлейменова Қ.Қ. Цифрлық құзыреттілік жастардың саяси әлеуметтену факторы ретінде // Адам әлемі. – 2026. – Т. 28. – №2 (108). – Б. 163-176. – DOI: 10.48010/mtx6me31

Ашық қолжетімділік

© Автор(лар), 2026
Бұл ашық қолжетімді мақала Creative Commons Attribution 4.0 International License (CC BY 4.0) лицензиясының талаптарына сәйкес таратылады.
<https://creativecommons.org/licenses/by-nc-nd/4.0/>

Редакцияға түсті: 29/012/2026
Қабылданды: 27/04/2026
Онлайн жарияланды: 30/06/2026

показателям. Наряду с пользой современных цифровых технологий для молодежи прогнозируются риски «алгоритмической предрасположенности» к различным негативным последствиям, негативно влияющим на процесс их политической социализации, и влияние ИИ на избирательное поведение. Это позволяет по-другому взглянуть на изучаемую проблему в настоящем и будущем, а также повысить ее значимость.

Ключевые слова: социализация, виртуальное пространство, молодежь, глобализация, политическая социализация, сетевая активность, техногенная цивилизация, цифровое общество, компетентность, цифровая компетентность.

Digital Competence as a Factor of Political Socialization of Youth

Abstract. This article examines digital competence as a factor in the political socialization of youth. The study analyzes the increasing impact of digital technologies on the transformation of the political socialization process among young people. Digital technologies are becoming an important tool in shaping political views and attitudes, while simultaneously influencing the development of digital competence and patterns of political engagement.

In recent years, the process of political socialization has undergone significant changes. The emergence of new technologies has transformed forms of political participation and interaction among young people. As a result, the early stages of political socialization are gradually shifting from the family environment to the online and social media environment. These changes have also affected the formation of civic culture, which is closely connected to political socialization. The growing integration of youth political worldview into the online environment directly influences the future development of Kazakh society.

The increasing demand for digitally competent citizens reflects the need to minimize potential risks associated with digital environments and to channel digital engagement in constructive directions. To test this hypothesis, the study examines the influence of virtual space on the political socialization of youth, drawing on relevant statistical data. Alongside the benefits of digital technologies, the article also discusses risks such as algorithmic bias, potential negative effects on political socialization, and the impact of artificial intelligence on electoral behavior.

This perspective broadens the understanding of the role of digital competence in contemporary political socialization and highlights its growing significance in both present and future societal development.

Keywords: Socialization, Virtual Space, Youth, Globalization, Political Socialization, Network Activity, Technogenic Civilization, Digital Society, Competence, Digital Competence.

Kіpіcne

Бүкіл әлемде қоғамның даму үдерісі цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектінің көмегімен жаңа тарихи кезеңге қадам басты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында жасанды интеллект барлық саланың қозғаушы күші, еліміздің инновациялық дамуының, цифрлық дербестігінің тірегі екендігін атап өтті. Президент «Алдағы бес жылдың ішінде Қазақстан цифрлық мемлекетке айналуы керек. Бұл – айқын әрі өзгермейтін мақсат. Себебі біз жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін толық пайдаланатын ел болуымыз қажет», – деп ел тұрғындарына зор жауапкершілік артып отыр.

Бүгінде заманауи цифрлық технологиялар ел азаматтарының күнделікті өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Сәйкесінше, цифрландыру және жасанды интеллект дәуірінде ел азаматтарының цифрлық құзыреттіктерін дамытып, жетілдіру өзекті мәнге ие болып отыр. Яғни, субъектілердің цифрлық құзыреттілікті меңгеру деңгейі – цифрлық технологиялармен табысты өзара іс-қимылдың негізі.

Саяси әлеуметтену факторы ретінде цифрлық құзыреттілікті зерттеудің ғылыми проблемасы саясаттану, әлеуметтану, медиа және психология ғылымдарының тоғысқан

жерінде жеке тұлғаның саяси көзқарастарын, құндылықтары мен азаматтық белсенділігін қалыптастыруға цифрландырудың қалай әсер ететіндігін зерделеумен айқындалады.

Жастардың саяси әлеуметтену факторы ретіндегі цифрлық құзыреттілікті зерттеудің мақсаты – жас ұрпақтың цифрлық технологияларды пайдалану дағдыларының саяси құндылықтарды игеруге, азаматтық бірегейлікті қалыптастыруға және қоғамдық-саяси белсенділік деңгейіне әсерін айқындау.

Сондықтан аталған зерттеуде цифрлық құзыреттілік түсінігін қарастырмастан бұрын, алдымен құзыреттілік ұғымының мәнін анықтап алғанымыз маңызды. «Құзыреттілік» ұғымы (латын тілінің «competentia, comperito» терминдерінен «бірге ұмтыламын, жетемін, сәйкес келемін, лайықпын» деп аударылады) «қандай да бір мәселе туралы пікір айтуға мүмкіндік беретін білімге ие болу», «хабардарлық», «құқықтылық», «беделділік», «толық құқықтылық», сондай-ақ сөзбе-сөз «бөліктердің үйлесімділігі, сәйкестігі, симметриясы» деген мағынаны білдіреді [1, с. 45].

Құзыреттілік дегеніміз – бұл адамның бойында өмір бойы қалыптасатын, оның басқа адамдармен өзара әрекеттесу барысында өз міндеттерін орындау үшін өзінің білімін, дағдылары мен жеке қасиеттерін күнделікті

өмірде, тәжірибеде қолдану қабілеті. Бұл түсінік білімге немесе дағдыларға ие болудан гөрі кеңірек ұғымды білдіре отырып, сондай-ақ оны іс жүзінде тиімді пайдалану мүмкіндігін де қамтиды. Құзыреттер әмбебап, әртүрлі салаларда қолданылатын немесе белгілі бір кәсіпке немесе лауазымға тән кәсіби сипатта болуы мүмкін.

«Құзыреттілік» ұғымы сондай-ақ қандай да бір органның немесе лауазымды тұлғаның заңмен, сол органның жарғысымен немесе басқа да ережелерімен белгіленген өкілет-

тіктерінің (құқықтары мен міндеттерінің) жиынтығы ретінде де түсіндіріледі [2].

1-суретте көрсетілгендей, шетелдік зерттеушілер Браун, Такер, Кофски (Brown, Tucker, Cofsky) құзыреттіліктің келесі құрамдас бөліктерін атап көрсетеді: білім (әсіресе, нақты салалардағы), дағдылар (когнитивтік немесе мінез-құлықтық), өзіндік қабылдау (өз-өзіне сенімділік, өзін-өзі бақылау, табандылық), уәждер (қажеттіліктер мен ұнатулар), ерекшеліктер (жеке сипаттамалар, мінез-құлықтық әдеттер) [3].

| Құзыреттіліктің құрамдас бөліктері | | | | |
|------------------------------------|----------|------------------|--------|--------------|
| білім | дағдылар | өзіндік қабылдау | уәждер | ерекшеліктер |

1 сурет - Құзыреттіліктің құрамдас бөліктері

(Ескерту: авторлармен құрастырылды)

Осы орайда, біз зерттеу барысында жастардың саяси әлеуметтену факторы ретіндегі цифрлық құзыреттілік мәселесін зерделейтін болғандықтан, оның мәнін ашып көрсетуге кеңірек тоқталайық.

Цифрлық қоғамдағы жастардың саяси әлеуметтену факторы ретіндегі цифрлық құзыреттілікті зерттеу қазіргі заманның өзекті мәселелерінің бірі. Жалпы «цифрлық құзыреттілік» ұғымын қолданысқа алғаш рет 1997 жылы америкалық жазушы және журналист Пол Гилстер енгізген. Гилстердің пікірінше, интернеттің гипермәтіндік кеңістігінде тұрақты болу жаңа мінез-құлық үлгілерін, ақпаратты іздеудің жаңа әдіс-тәсілдерін және ресурстар арасында жылдам ауысу мүмкіндігімен байланысты коммуникация ерекшеліктерін қалыптастырады. Бұл өз кезегінде желілік ойлаудың пайда болуына алып келді, оның бас-

ты сипаттарының бірі – жоғары ақпараттық-коммуникативтік белсенділік [4, p. 276].

Цифрлық құзыреттілік – бұл компьютерлердің көмегімен әртүрлі пішіндерде және кең ауқымды дереккөздерден берілетін ақпаратты түсіну және пайдалану қабілеті [5].

П. Гилстер цифрлық құзыреттілікке қол жеткізудің келесі дағдыларын атап көрсетеді (2-сурет):

- әртүрлі семиотикалық жүйелер арқылы берілген ақпаратты қабылдай білу (медиа-құзыреттілік);
- қажетті ақпаратты іздеу және онымен жұмыс істеу құралдарын меңгеріп, тез үйрене білу (ақпараттық құзыреттілік);
- басқа пайдаланушылармен қарым-қатынас жасау дағдылары (коммуникативтік құзыреттілік) [6].

| Цифрлық құзыреттілікке қол жеткізу дағдылары | | |
|--|-------------------------|------------------------------|
| медиа-құзыреттілік | ақпараттық құзыреттілік | коммуникативтік құзыреттілік |

2 сурет - Цифрлық құзыреттілікке қол жеткізу дағдылары

(Ескерту: сурет авторлармен құрастырылды)

Зерттеушілер өз еңбектерінде «цифрлық құзыреттілік» түсінігін қарастыра келе, цифрлық қоғамдағы жастардың өмір сүру қалпына байланысты әртүрлі көзқарастарын тұжырымдап көрсетеді. Көптеген авторлар цифрлық құзыреттілік ұғымына қабілет,

сауаттылық, сыни дағдылар, технологияларды бағалау, цифрлық мәдениетке қатысуға ынталандыру, сондай-ақ техникалық, көбінесе компьютермен байланысты дағдыларды қамтитын күнделікті цифрлық технологияларды қолдану жолдарын жатқызады [7, p. 1-12].

Сонымен қатар цифрлық құзыреттілік мәселесінің әлемдік саяси тәжірибедегі тұжырымдары McClelland, Klemp, Boyatzis, Hornby and Thomas, Jacobs, Hogg және т.б. шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде зерделенген.

Ал Ресейде цифрлық құзыреттілік ұғымының әр түрлі қырларын қарастырған Г.У. Солдатова, Е.Ю. Зотова, М. Лебешев, В. Шляпников, Т.А. Нествик, Е.И. Рассказова, О.В. Калимуллина, И.В. Троценко, Г.А. Афанасьева, А.А. Зябков және т.б. ғылыми-зерттеу еңбектері құнды саналады. Әсіресе, ресейлік психолог Г.У. Солдатова цифрлық құзыреттілік мәселесін зерттеумен белсенді айналысады. Автордың тұжырымдауына, цифрлық құзыреттілік дегеніміз – бұл тұлғаның құзыреттіліктерді (білім, білік, ынта, жауапкершілік) үздіксіз меңгеруі үшін түрлі салада инфокоммуникациялық технологияларды сенімді, тиімді, сыни және қауіпсіз таңдау мен қолдану қабілеті (ақпараттық орта, коммуникация, тұтыну, техносфера) және оған дайындық жүргізуі [8, с. 50-60].

Сәйкесінше, цифрлық құзыреттілік – адамның ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану саласындағы білімі мен тәжірибесі, яғни бұл оның цифрлық білім беру қызметіне қабілеттілігін білдіретін жалпы бағалау ұғымы [5, 163-6]. Жалпы алғанда, әр субъектінің цифрлық құзыреттілігі – оның цифрлық кеңістіктегі білім, білік, дағдылар мен тәжірибесінің жиынтығын сипаттайтын технологиялар болып саналады. Демек, цифрлық құзыреттілік әр субъектінің өз қызметін орындау үшін қажетті функция.

Өз кезегінде цифрлық құзыреттілік цифрлық дағдылардың көмегімен қалыптасады (digital skills) [9, с. 70-76].

Бүгінгі таңда цифрлық қоғамдағы жастардың саяси әлеуметтену факторы ретіндегі цифрлық құзыреттілік мәселесін зерттеуге қызығушылық артып келеді. Бұл жайт, әсіресе, отбасы, білім беру мекемелері, бұқаралық ақпарат құралдары, саясаткерлер, мемлекеттік құрылым үшін практикалық маңызға ие. Цифрлық технологиялардың жастардың саяси әлеуметтену процесіне тигізетін ықпалын қарастыра келе, бұл зерттеу жастардың оң сипаттағы әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қолдауға бағытталған тиімді стратегияларды әзірлеуге негіз бола алатын жаңа идеяларды ұсынуға әлеуетті екендігіне көз жеткіздік.

Аталған мәселені зерделеуге М.В. Соколова, И.С. Шаповалова [10], Н.Э. Валитова [11] және т.б. елеулі үлес қосты [12]. Ресейлік авторлар интернет кеңістігінің саяси жүйедегі рөлін айқындаумен белсене айналысуда. В.Н. Щербина интернет кеңістігінің ықпалындағы әлеуметтік трансформацияның ықпалын зерделеді [13]. А.В. Чугунов Ресейдегі интернеттің дамуының әлеуметтік-саяси аспектілері бойынша ізденіс жүргізген еңбектердің авторы [14]. А.А. Чесноков интернет кеңістігін саяси коммуникацияның жаңа арнасы ретінде, [15, с. 65-66] ал Д.Н. Песков интернет кеңістігін Ресейдегі саяси институт ретінде қарастырды [16]. М.С. Вершинин интернеттің саясаттағы маңызына талдау жасаған жалпы теориялық зерттеулердің авторы [17].

Отандық ғалымдардың бірлескен авторлығымен жарық көрген «Цифрландыру және қазақстандық жастардың саяси мәдениеті: өзгерістер мен жаңа трендтер» атты ұжымдық монографияда цифрлық трансформация жағдайындағы әлемдік және қазақстандық тәжірибені салыстырмалы талдау және жастардың қоғамдық санасының жаңғыруының жаңа аспектілері жан-жақты зерттелінген [18].

Ал зерттеушілер К.Е. Юсупов, Н.А. Байбахов, Қ.Ж. Каныбековалардың мақаласында жастардың саяси әлеуметтенуінің институ-циналдық және цифрлық факторларына құрылымдық талдау жасалған [19].

Осылайша, бұл зерттеулер цифрлық құзыреттіліктің мәнін кеңірек ұғынудың қажеттілігі мен оның көп қырлы сипатын айқындайды. Бұл еңбектер жастардың саяси әлеуметтену факторы ретіндегі цифрлық құзыреттілік мәселесінің теориялық түсінігін тереңдетіп, оның қазақстандық қоғамда жүзеге асырылу ерекшеліктерін айқындауға маңызды ғылыми негіз болып саналады.

Әдіснама

Аталған мақаланы жазу барысында осы тақырып аясында соңғы уақытта жарық көрген шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми-теориялық зерттеу жұмыстарына жан-жақты шолужасалынды. Зерттеушілер өз еңбектерінде мамандардың цифрлық құзыреттілігін анықтау үшін, қоғамдық құрылымда маңызға ие саяси қағидалар мен бағыт-бағдарларға, топ пен

жеке тұлғаның жүріс-тұрыс үлгілеріне, саяси институттардың қызмет ету ерекшелігіне, құндылықтардың қоғамға таралуы секілді феномендерге сүйенеді. Осы орайда әлемде орын алып отырған цифрландырудың азаматтардың қоғамдық санаға ықпалын жан-жақты сараптай келе зерттеу материалы ретінде цифрлық қоғамдағы жастардың саяси әлеуметтену факторы ретіндегі цифрлық құзыреттілік мәселесін қарастыруға тырыстық. Біздің зерттеу жұмысымыздың негізгі әдістемелік базасын саяси ғылымдағы белгілі ғылыми объективтілік, жүйелілік-құрылымдық, тарихи-салыстырмалы, салыстырмалы-саяси талдаулар, сараптамалық және логикалық талдау тәсілдері құрайды.

Жүйелілік-құрылымдық тәсіл бойынша саяси әлеуметтену мәселесі саяси-әлеуметтік қатынастардың бір бөлігі ретінде қарастырылды.

Сараптамалық және логикалық тәсілдер отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттердегі құзыреттілік, цифрлық құзыреттілік ұғымдары, оның қоғамдық-саяси ғылымдағы зерттелу деңгейі турасындағы көзқарастар мен тұжырымдарға талдау жасауға мүмкіндік берді.

Тарихи-салыстырмалы әдісті қолдану негізінде цифрлық қоғамдағы жастардың саяси әлеуметтену процесіне әлеуметтік желілердің тигізетін ықпалы мен оның қоғамдық құрылымдағы жүзеге асырылу аспектілері зерттеліп, айқындалды.

Осы әдістердің кешенді қолданылуы зерттеу тақырыбын жүйелі түрде талдауға және цифрлық әлемдегі жастардың саяси әлеуметтену факторы ретіндегі цифрлық құзыреттілік мәселесін зерделеуге мүмкіндік берді.

Жастардың саяси әлеуметтену процесіндегі цифрлық құзыреттіліктің маңызы

Мемлекеттік құрылымның дамуының қазіргі кезеңінің ерекшелігіне цифрландыру мен жасанды интеллектінің қоғамдық процестерге ықпалының артуын жатқызамыз. Цифрландыру компьютерлендірудің орнын басқан әлемдік дамудың жаңа тренді. Осы орайда зерттеушілердің көпшілігі жақын арада мамандарға қойылатын талаптар күрделі өзгеріске ұшырап, олардың еңбек қызметінде ауқымды жаңалықтар орын

алады деп болжам жасауда. Өйткені түрлі салаларға цифрлық технологияларды енгізу қызметтері белгілі бір дәрежеде автоматтандырылатын болады. Әрине, бұл жайт адамның ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану саласындағы білімі мен тәжірибесін айқындайтын олардың цифрлық құзыреттілік дәрежесі мен саяси әлеуметтену процесіне де өз әсерін тигізбей қоймайды. Себебі қазіргі жағдайда ақпараттық және шынайы әлемнің нәтижелі өнімдерін біріктіретін техникалық құралдарды қолдана отырып, бірлескен қызметтің бұрын болмаған құзыреттері сұранысқа ие болуда. Жалпы «желі қоғамына көшу – бұл біздің техникалық сауаттылығымызға емес, ең алдымен әлеуметтік интеллектіміз бен коммуникативтік дағдыларымызға төнетін сын» [20]. Осы тұрғыдан алғанда әлеуметтік-экономикалық құрылымға цифрлық ортаға икемді, білікті, құзыреттілігі жоғары жаңа еңбек ресурстары қажеттігі сөзсіз. Бұл ретте жастар – Қазақстан Республикасының он төрт жастан отыз бес жасқа дейінгі азаматтары [21] ел халқының ең белсенді бөліктерінің бірі. Жастар қазіргі қазақстандық қоғамның дамуында маңызды рөл атқарады. Жас азаматтар мемлекетіміздің болашағын айқындайды және сұранысқа ие маңызды ресурс болып табылады. Сәйкесінше, жас буынды қолдау – мемлекет саясатының стратегиялық бағыттарының бірі. Еліміздің мемлекеттік жастар саясаты туралы заңы олардың азаматтық белсенділігін арттыру мен жастар саясатын қалыптастыруға қатысу мүмкіндігін кеңінен пайдалануға мүмкіндік береді. Қазақстандық қоғамдағы жастар саны 6 миллионға жуықтап, ел халқының үштен бірін құрайды [22].

Қазіргі ұрпақ цифрландыру және жасанды интеллект дәуірінде, гаджеттер, интернет және әлеуметтік медиа әлемінде өмірге келіп, дамуда. Жастар осы цифрлық трансформацияның негізгі агентіне айналуға. Жастардың саяси әлеуметтенуінің басты мақсаты – тұлғаның не топтың саяси іс-әрекет жүйесіндегі өз орнын саналы түрде айқындаумен қатар, мақсатты саяси білім берусіз жүзеге аспайды [23, p. 55-74].

Олардың табысты әлеуметтенуі және түрлі шешімді қабылдауға белсенді қатысуы, сондай-ақ рухани, мәдени, білім беру, кәсіби және физикалық тұрғыдан толыққанды дамуы үшін қажетті жағдайды жасаудың маңызы ерекше. Өз кезегінде субъектінің саяси белсенділігі

келесі формаларда көрініс табуы мүмкін: партиялық немесе қоғамдық ұйымдарға мүше болу, сайлауалды кампанияларға, демонстрациялар мен митингілерге, саяси пікірталастарға қатысу, сонымен қатар осы тәрізді іс-шараларды ұйымдастыру және т.б. Алайда соңғы уақытта цифрландырудың басымдыққа ие болуына байланысты еліміздегі жастар арасында дәстүрлі саяси әлеуметтену институттарының (отбасы, білім беру жүйесі, БАҚ, билік құрылымдары, саяси және қоғамдық ұйымдар, жастар ұйымдары, кәсіподақтар және т.б.) өзектілігі біртіндеп төмендеп келеді. Еңбек ұжымдары мен кәсіподақтардың ықпалы едәуір әлсіреді. Цифрландыру дәстүрлі әлеуметтену агенттеріне – отбасы мен білім беру жүйесіне елеулі баламаға айналды, өйткені бүгінде «адам нақты әлемде емес, виртуалды әлемде әлеуметтік және рөлдік өзара әрекеттесу тәжірибесін алады» [24, с. 60]. Демек, отбасы, мектеп сияқты дәстүрлі әлеуметтену агенттері адамды қоғамға мақсатты түрде және реттелетін форматта кіріктіру функциясын атқарса, интернет жаңадан еніп жатқан кез келген процестерге (соның ішінде әлеуметтенуге де) стихиялылық пен бақылаусыздық сипаттарын енгізеді. Бұл жайт әлеуметтік желілік кеңістіктегі кез келген ережелер мен шекаралардың шартты және көмескі сипат алуына әкеліп соғады. Аталған жағдай «әлеуметтенудің бұрынғы тұжырымдамасын ығыстырады, өйткені жаңа технологиялар отбасынан, білім беру жүйесінен және еңбек нарығынан тыс әлеуметтенудің жаңа виртуалды кеңістігін жасайды» [25, с. 170].

Мемлекеттік құрылымда қалыптасқан осындай ахуалда кәсіби қызметке дайындау мәселесі жастарды тәрбиелеу мен әлеуметтендірудің ажырамас бөлігі болып табылады. «Сайып келгенде, елімізде «жастарға арналған саясаттан» «жастармен нақты жұмыс істеуге» түбегейлі көшу қажеттігі туындады. Яғни мемлекеттік жастар саясаты объектісінен жастар мемлекеттің негізгі субъектісі мен серіктесі ұстанымдарына ауысатынын білдірді» [26]. Цифрлық құзыреттілік, яғни цифрлық технологиялармен тиімді және сенімді өзара іс-қимыл жасау қабілеті қазіргі әлемдегі жастар үшін негізгі құзыреттілікке айналады [27]. Бұл олардың кәсіби мансабына, білім беру мүмкіндіктеріне [28], қарым-қатынастарына, сондай-ақ азаматтық өмір мен

мәдени процестерге қатысуына әсер етеді [29]. Осы орайда әртүрлі дамыту бағдарламаларын (STEAM-технологияларды, soft және hard skills дағдыларын) игеру арқылы жастардың XXI ғасырдың құзыреттілігін меңгеруі үшін оңтайлы жағдайлар жасаудың маңызы зор.

Жастардың цифрлық құзыреттілікті меңгеруі барысында олардың бәсекеге қабілеттілігі мен сұранысын техникалық қамтамасыз етудің мәні ерекше. Бұл мәселе Қазақстан Республикасындағы жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында «Азаматтардың цифрлық құзыреттерін арттыру кадрларды даярлау, қайта даярлау және АКТ саласында микроквалификациялар алу жүйесі арқылы жалғастырылатын болады.

Цифрлық құзыреттер барлық кәсіби стандарттардың міндетті элементі болады», – деп атап көрсетілген [30].

Осылайша, қоршаған орта цифрлық коммуникациялар арқылы түрленуде, ал виртуалды кеңістік қоғам азаматтарының уақыты мен өмірлік кеңістігін барған сайын бағындырып, өз шарттары мен «ойын ережелерін» таңуда. Егер аға буын жаңа әртүрлі сын-қатерлерге бейімделуге тырысса, ал жастар кішкентай кезінен бастап цифрлық әлемге толықтай бойлап, киберкеңістікте өмір сүрудің әртүрлі тәсілдерін меңгеруде. Сөз жоқ, цифрландырудың әсері тұрақты трендке айналып, «жаңа цифрлық шындыққа бейімделудің сөзсіз процесін» тудырған жағдайында жастар цифрлық өзгерістерге жақсы бейімделеді [31, с. 122]. Шындығында «жасөспірімдер мен жастарға коммуникативтік кеңістіктің виртуалдануы зор әсерін тигізеді» [32].

Әрине, қоғамдық құрылымның салаларындағы кез келген жаңғыру процесі біркелкі әрі жеңіл сипатта өтпейді. Шын мәнісінде субъект цифрлық контенттің пассивті тұтынушысы ретінде емес, нақ осы виртуалды кеңістікте толыққанды әлеуметтенген қоғам мүшесі болғысы келсе, онда цифрлық орта пайдаланушыға жоғары талаптар қояды. Өйткені жеке тұлғаның әлеуметтену процесі кезеңінде цифрландыру бүкіл заманауи цифрлық буынның әлеуметтік-саяси (теориялық-концептуалдық, нормативтік, объективтік, институционалдық, функционалдық, әлеуметтанулық және идеологиялық бағыттарын) және психологиялық ерекшеліктерін (коммуника-

тивтік, танымдық, эмоциялық-ерікілік және мотивациялық-қажеттілік салаларын) айқындайды. Сәйкесінше, «...цифрлық дәуірде ...интернеттің кеңінен қолданылуы жастардың оқу үлгілеріне, өмір салтына, жеке тұлғалық ерекшеліктеріне және қоғамдық қатысуына айтарлықтай әсер етті. Әлеуметтік, ақпараттық және ойын-сауық арналары ретінде жастар бірнеше сағат бойы цифрлық медианы пайдаланады, бұл олардың жеке қажеттіліктері мен топтық мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған» [33, р. 1752]. Осылайша, жастардың әлеуметтену процесінің сәтті түрде жүзеге асуына цифрландыру, яғни барлық ақпаратты цифрлық форматқа ауыстыруға бағытталған жаһандық тренд елеулі әсерін тигізуде. Бұл жайт әлеуметтену агенттерінің әлеуметтену процесінің алғашқы кезеңінде отбасылық ортадан әлеуметтік желіге біртіндеп өтуіне жол ашты.

Жастардың саяси бағыт-бағдары мен ұстанымдарын қалыптастыру, сондай-ақ саяси іс-шараларға қатысуға белсенділігін арттыру мен цифрлық құзыреттіліктерді меңгеруі үшін олардың практикалық бағыттылығын күшейту, саяси-әлеуметтік инновациялық жобаларды әзірлеу мен іске асыруға арналған «алаңдарды» құру, жалпы эрудицияны, зерттеушілік қабілеттерді, нақты жағдайларды талдау дағдыларын, басқа салалардың мамандарымен қарым-қатынас жасау қабілетін жетілдіру үшін жағдай жасау орынды.

Жаңа әлеуметтік институт – интернет кеңістігінің пайда болуы жастардың қоғамдық-саяси ортадағы қалыптасу процесіне зор әсерін тигізуде. Бұл ретте жастардың нәтижелі саяси әлеуметтену деңгейі елдің саяси, әлеуметтік, экономикалық салалардағы дамуына зор ықпалын тигізетіні анық. Себебі «цифрлық дәуірде табысты болу үшін жастар цифрлық ақпаратты анықтау, қол жеткізу, түсіну, бағалау, жасау және тарату арқылы қоғамның дамуына үлес қосатын цифрлық құралдарды толықтай пайдаланады» [34, р. 2314]. Өйткені, виртуалды өмір – бұл субъектілердің қоғамдық-саяси өмірге, соның ішінде саясатқа араласуына, цифрлық құзыреттіліктерін арттыруға үлкен мүмкіндік беретін кеңістік. Осыған орай жастардың құндылықтық бағдарлары, саяси әлеуметтену процесі мен цифрлық құзыреттілік деңгейі де күрделі өзгерістерге ұшырауда. Жастардың бойында «цифрлық

әлеуметтенудің ықпалымен ашықтық, тәуелсіздік және инновациялық сияқты негізгі сипаттамаларға ие жаңа коммуникативтік стиль қалыптасуда» [35, с. 499-500].

Жалпы цифрлы әлем жастардың өміріне, олардың саяси әлеуметтенуіне жан-жақты әрі екіұшты әсер ететін көп қырлы процесс. Өз кезегінде қоғамдық өмірде интернет технологияларының жаппай таралуы, жастардың интернетті пайдалануын бақылаудың болмауы саяси әлеуметтену процесінде кері ықпалын тигізетін түрлі теріс салдарларға алып келетін жағдайлар да кездесетіні белгілі жайт. Интернет адамның тұлғалық бағыт-бағдары мен цифрлық құзыреттілігін қалыптастыруға оң әсер етумен қатар, сонымен қатар теріс рөл атқаруы да ықтимал. IT-технологиялар мен интернет-қоғамдастықтардағы коммуникация көбінесе адамдардың өмір салтына, әлеуметтік-саяси мақсаттары мен құндылықтарына кері әсерін тигізеді, агрессияның, зорлық-зомбылықтың және өшпенділіктің таралуына ықпал етеді. Көбінесе, жастардың киберкеңістікте түрлі қызығушылықтарға басымдық беріп, оған шамадан тыс тәуелді болуы жиі кездесетін құбылыс. Әлеуметтік желілердің жастардың саяси мінез-құлқына тигізетін ықпалының (оң және теріс) логикасын мынадай сипатта түсіндіруге болады: «әлеуметтік желілер онлайн жалпы хабардарлықты арттырумен қатар, офлайн үйлестіру шығындарын азайту есебінен наразылық білдіретін әлеуметтік топтарды жұмылдыру кезіндегі тәртіпсіздікке байланысты кемшіліктерді де өтей алады» [36, р. 286-297].

Қалыптасқан жағдай қазіргі қазақстандық жастардың цифрлық құзыреттілігінің деңгейіне қатысты бірнеше маңызды қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Біріншіден, жастардың басым бөлігі жоғары немесе орта деңгейдегі цифрлық құзыреттілікке ие болып келеді, бұл олардың күнделікті өмірінде цифрлық технологияларды кеңінен және белсенді қолданатынын білдіреді. Жас адамдардың, әсіресе Z және Альфа ұрпақтарының цифрлық сауаттылық деңгейінің жоғары болуы олардың алғашқы әлеуметтену кезеңі цифрлық технологиялар дәуірінде өткендігімен түсіндіріледі. Екіншіден, адамның жас ерекшелігі, білім деңгейі және экономикалық факторлар цифрлық сауаттылық деңгейіне айтарлықтай әсер етеді, бұл жайт жасы кіші және ірі

қалаларда тұратын жастар өз құрдастарымен салыстырғанда жоғары цифрлық құзыреттілік деңгейіне ие екендігін көрсетеді. Алайда, цифрлық технологиялар кеңінен енгізілгеніне қарамастан, жастардың бір бөлігі дәстүрлі әдістерді жөн көреді немесе цифрлық ресурстарға шектеулі қолжетімділікпен бетпестелі келеді. Бұл жағдай жастар арасында цифрлық дағдыларды дамытуға бағытталған білім беру бағдарламалары мен бастамаларын жүргізудің маңыздылығын айқындайды.

Жастардың цифрлық құзыреттілігі қоғамдық-саяси ұстанымдарды қалыптастыру факторы ретінде

Қазіргі уақытта бүкіләлемелдері тұрғындары ортақ ақпараттық ортаға біріктірілген. Зерттеулер көрсеткендей, жастардың саяси әлеуметтену процесі көбінесе цифрлық ортада жүзеге асады. «Интернет әлеуметтенудің жаңа институтына айналуға», ол әлеуметтенудің келесі аспектілеріне жауап береді: виртуалды (әлеуметтік процестерді цифрландыру), цифрлық (техникалық құралдарды кеңінен қолдану) және медиалық (дәстүрлі әлеуметтену ортасынан тыс әлеуметтік тәжірибе алу [37]). Интернет-ортаның ықпалымен тек жастардың әлеуметтену процесі ғана емес, сонымен қатар олардың тұлғалық құрылымы мен саяси құндылықтар жүйесінде де күрделі өзгерістер орын алуға.

Сонымен қатар жастар ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы онлайн-контекстерде әлеуметтік-саяси тәжірибе мен қарым-қатынастарды, сонымен қатар цифрлық құзыреттіліктің құрамдас бөліктерін меңгеруде. Тиісінше, цифрлық құзыреттіліктің төрт түрі анықталды:

1) ақпараттық және медиа құзыреттілік – цифрлық ақпаратты іздеуге, түсінуге, ұйымдастыруға, мұрағаттауға және оны сыни тұрғыдан түсінуге, сондай-ақ цифрлық ресурстарды (мәтіндік, бейнелеу, аудио және бейне) пайдалана отырып, ақпараттық объектілерді бірлесіп құруға қатысты білім, білік, уәждеме және жауапкершілік;

2) коммуникативтік құзыреттілік – коммуникацияның әртүрлі нысандарында және түрлі форматтарда (электрондық пошта, чаттар, блогтар, форумдар, әлеуметтік желілер және т. б.) қарым-қатынас жасау үшін қажетті білім, білік, уәждеме және жауапкершілік;

3) техникалық құзыреттілік – компьютерлік желілерде, бұлтты сервистерде және т.б. әртүрлі міндеттерді шешу үшін техникалық және бағдарламалық құралдарды тиімді және қауіпсіз пайдалануға мүмкіндік беретін білім, білік, уәждеме және жауапкершілік;

4) тұтынушылық құзыреттілік – цифрлық құрылғылар мен интернеттің көмегімен күнделікті міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін, сондай-ақ нақты өмірлік жағдайларға байланысты түрлі қажеттіліктерді қанағаттандыруды көздейтін білім, білік, уәждеме және жауапкершілік [38, с. 17-18].

Өз кезегінде цифрлық құзыреттіліктің түрлі аспектілерін ескеру цифрлық әлемдегі тұлғаның өзін-өзі реттеуін дамытуға негіз бола отырып, сондай-ақ интернет дәуіріндегі жас ұрпақтың табиғатын, құрылымын және даму мүмкіндіктерін кеңірек түсінуге жол ашады. Жалпы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың таралуы жастардың бойында қолжетімділік, ашықтық және жеделдік тәрізді жағымды өзгерістердің орын алуын тудырды. Себебі интернет – бұл жай ғана ақпарат көзі емес. Негізінде, бұл – пікір алмасудың белсенді алаңы, жергілікті деңгейде әртүрлі әлеуметтік және саяси белсенділік түрлерін ұйымдастыру құралы.

Іс жүзінде жастардың саяси әлеуметтену факторы ретіндегі цифрлық құзыреттілік құрылымдық жағынан төмендегідей компоненттерден тұрады: цифрлық мәдениет (идеологиялық және ұйымдастырушылық құндылықтар); цифрлық оқыту (цифрлық сауаттылық және дағдылар); жеке тұлғаны цифрлық дамыту (цифрлық тұлға, цифрлық бедел); цифрлық тәрбие (өсудің құндылықтық, когнитивтік және белсенділік аспектілері); цифрлық дағдылар мен технологиялар (әлеуметтік желідегі ақпаратпен дұрыс жұмыс істей білу мен техникалық құрылғыларды пайдалану дағдылары) және цифрлық коммуникация (коммуникативті мүмкіндіктерді кеңейту, сыни ойлау мен техникалық дағдылардың креативтілігін дамыту).

Алайда айқын артықшылықтарға қарамастан тұлғаның интернет кеңістігінде ұзақ мерзімде анонимді түрде қарым-қатынас жасауы оған кері әсерін тигізуі де мүмкін. Виртуалды әлемде тұлғаның ұзақ болуы айтарлықтай қауіптердің (ақпараттың ең қолжетімді бейне форматта берілуі клиптік ойлауды дамытып, әлеуметтік

